	домалатуға үйрету; оқу қызметінде жаттығудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, аңдардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру; ептілік пен жылдамдыққа тәрбиелеу.	үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету. Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту.	ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "тоғыз" жиын санын кұрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін дамыту; сандардың өсу және кему нәтижелерін тұтастыру және беттестіру тәсілдері арқылы табуға үйрету; жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; Қазақстанда және өзге елдерде мекендейтін жануарлар туралы білімдер жиынтығын пысықтау; логика	және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.	қысқы тіршілігінің жазғы тіршіліктен айырмашылығын балықты аулау мысалында, бақылау барысында көрсету; балаларды еңбекті және объектілерді бақылауда зеректігін ұштау; адамның жалдың екі мезгілінде балық аулау еңбегін салыстырып, ортақ ұғымдарды табуға машықтандыру; қорек немесе азықтың зор еңбекпен табылатыны туралы ұғымдарды
--	--	--	--	---	--

			негіздерін дамыту; ұқыптылыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.		жетілдіру; байыпты, ұғымтал болуды тәрбиелеу.
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Доппен жаттығулар". Мақсаты: балалардың 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу қабілетін пысықтау; белгілі бейнелерге еліктеп, өз қимылдарын өзгертіп отыру қабілеттерін шыңдау; ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу; ой-қиялын дамыту.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[к] дыбысы және Кк әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: [к] дыбысымен таныстыру. К дыбысына тіл ұстарта отырып сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату. Дидактикалық құралдар арқылы балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды К дыбысы бар сөздерді буынға бөлуге, сөйлем ойлауға үйрету. Байланыстырып сөйлеуге, түзу отыруға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Қандай аңдар қыста ұйықтайды" Мақсаты. Балалардың қысқы уақытта жабайы жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін ойын оқыту жағдайлары арқылы бекіту; жануарлар өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерден тәуелділігін анықтауға жаттықтыру; жануарларды салыстыра және сыртқы келбеттерін суреттей білуге,	Музыка Тақырыбы: "Жануарлар туралы әндер". Мақсаты: балалардың тиін туралы әнді тыңдап, әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін жетілдіру.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Түсінісу мен кешіруді үйренеміз". Мақсаты: "Кешірім", "өзара түсіністік" адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; кешірім, түсінісу сөздерінің мағынасын түсіндіру; балалардың жақсы қасиеттерін дамыту; өзара сенім мен түсіністікке тәрбиелеу.

			қорытынды жасау білуде дағдыландыру; "жоғары жыртықш" ұғымын қалыптастыру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Доппен эстафеталар". Мақсаты: балаларды эстафеталарда 3 метр қашықтықтан тура бағытта допты домалата білу, саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу және тағы басқа қабілеттерін жетілдіру; епті жылдам, шымыр, ұйымшыл болуға ынталандыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Ақ тиін мен қасқыр ертегісін сахналау". Мақсаты: балалардың аңдардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру, оның ішінде тиіннің тіршілігі қыс мезгіліне деген дайындығынан мәлімет беру; көркем сөздерді қолдана отырып, балалалардың есте сақтау қабілеттерін		Сурет салу Тақырыбы: "Жылы жақта мекендейтін жануарлар". Мақсаты: балаларды жылы жақ жерінің жабайы жануарларының бірін (піл, керік, арыстан) бірін өз еркімен таңдап, толық қағаз бетіне салуға үйрету; салынып жатқан кез келген бейненің (дене пішіні мен бітімі, терінің түстері сияқты) ерекшеліктерін	

		және зейінін дамыту; аңдардың тіршілігіне деген қызығушылықтарын оятып, мейірімділікке, шапшаңдыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.		суретте көрсете білу іскерлігін арттыру; салынып жатқан бейнені қағаз бетіне не тіке не көлденең орналастыра білу қабілетін жетілдіру; жылы жақ жерінің жануарлары туралы мағлұматтарды тиянақтау; тірі табиғат өкілдеріне деген қызығушылығын арттыру.	
		Орыс тілі Тақырыбы: "Рассказывание по мотивам сказки "Лисичка-сестричка и Серый Волк". Мақсаты: познакомить детей со сказкой "Лисичка- сестричка и Серый Волк"; формировать представления о таких чертах как хитрость, коварство, жадность,		Мүсіндеу Тақырыбы: "Тиіннің қысқа дайындығы". Мақсаты: балаларды ермексазды домалату, созу, қайшының көмегімен ойық жасау арқылы тиінге арналған жаңғақ жасауға үйрету; тиін жануарының қысқа дайындығы қалай болатынын ашып, жалпы түсіндіру; қыс	

		глупость, доброта и сострадание; развивать представления о сезонных изменениях, об особенностях жизни животных, птиц, людей летом и зимой; продолжать формировать понятие о необходимости труда и важности положительных черт характера; воспитывать доброту, любознательность, трудолюбие, щедрость, любовь к сказкам о животных.		мезгілінде тиін еңбегінің маңыздылығы, жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу	
		Көркем әдебиет Тақырыбы: ""Қолғап" украин халық ертегісі". Мақсаты. Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте		Жапсыру Тақырыбы: "Бұзауым-ау, бұзауым!" Мақсаты: балаларды бірреттік қағаздан жасалған тәрелке және түрлі-түсті қағаздарды пішінге келтіріп қиып,	

		отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру. Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, сөздік қорын байыту. Ой, қиялын дамыта отырып рөлге кіре білуге үйрету. Әр кейіпкердің қиялын әуен арқылы жасай білуге тәрбиелеу.		бұзауды жапсыруға үйрету; үй жануарлары және олардың төлдері, үй жануарларының адамзатқа деген пайдасы жайлы білімдерін кеңейту; саумал жайылы түсінік беру; балаларды қайшымен дұрыс жасау іскерліктерін жетілдіре отырып, қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету; сипаты бойынша үй жануарларын атау; сөздік қорларын молайту.	
--	--	---	--	--	--

Қыстайтын құстар

Мақсаты. Қыстайтын құстар туралы мәлімет беру. Қыста құстарға азық табу қиын, сондықтан олар қыс кезінде адамға жақын жүреді. Құстарға жем шашуды ұмытпау керек. Құстардың табиғатқа тигізетін пайдасы зор, оларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу

Оқу қызметінің түрі,	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Бөрене үстімен төрт	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[Ү] дыбысы және Үү әрпі,	Математика негіздері Тақырыбы:	Музыка Тақырыбы: "Сауысқан".	Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Бәрі де
-----------------------------	--	--	---	---	---

тақырыбы, мақсаты. IV-апта	тағандап еңбектеу". Мақсаты: балаларды бөрене үстімен алақан мен табанға сүйене отырып төрт тағандап еңбектеуге үйрету; оқу қызметінде қимылдың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын қайталауға жаттықтыру; ептілік және ерік сапаларына тәрбиелеу.	әріп таңбасын жазу". Мақсаты: [ү] дыбысын және Ү әрпімен таныстыру. Ү әріп таңбасын жазылуын үйрету. Артикуляция бойынша дұрыс айтуға үйрету. Сөзден сөйлем құрауға үйрету, буынға бөлуді дамыту. Дыбыстық талдау жасату.	"Құстардың топтамасын тең бөліктерге бөлу". Мақсаты: балалардың "он" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "он" жиын санын құрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін дамыту; сандардың өсу және кемуін тұтастыру және беттестіру тәсілдері арқылы тексеруге дағдыландыру; жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді, тең бөліктерге бөле білуді дамыту; қыстайтын құстар туралы білімдерін тиянақтау;	Мақсаты: балаларды қараторғай туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; сауысқан туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру; жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу.	татулықтан басталады". Мақсаты: отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту; отбасындағы татулық туралы түсінік беру; отбасындағы өзара сыйластық, өзара түсіністіктерінің қалыптасуына ықпал ету; туған, өскен үйде тату болуға тәрбиелеу.
--	---	--	--	---	--

			бақылғыштыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу		
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Еңбектеу жаттығулары". Мақсаты: балалардың бөрене үстімен алақан, табанға сүйене отырып төрт тағандап еңбектей білу дағдысын жетілдіру; құстардың қимылдарын, ой- қиялына сүйене отырып, қайталауға ынталандыру; ептілік, ерік сапаларына тәрбиелеу.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[Ү] дыбысы және Үү әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: [Ү] дыбысы мен әрпін таныту. Сөзге дыбыстық, буындық талдау жасату. Ү дыбысының әрпін элементтерін, сөздерді дұрыс жазуға, есте сақтауға үйрету, тілін дамыту. Сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	Құрастыру Тақырыбы: "Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі". Мақсаты. Балаларды лего құрылыс материалдары, құрамында: әртүрлі көлемді кірпіштер, әртүрлі көлемді саңылаулары бар тақташалардан аңдардың патшасы арыстанды құрастыруға үйрету; лего құрылыс материалдарымен құрастыру кезінде балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; жабайы аңдардың дауыстарын бірбірінен ажырата	Музыка Тақырыбы: "Құстармен бірге жырлайық". Мақсаты: қараторғай, сауысқан туралы әндерді қайталап, сипатын ажырата білуге жаттықтыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру; жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді етуге машықтандыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу.	

			білу, жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы аңдар туралы жұмбақтарды шешіп, бөліктерден құрастыру іскерліктерін жетілдіру.		
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: "Үйдегі қауіпсіздік шаралары". Мақсаты: балаларды үйдегі қауіпсіздік шараларын сақтауға үйрету; үйдегі қауіпсіздік шараларын сақтау түрлерімен таныстыру; адам өміріне қауіп төндіретін әрекеттерді болдырмау	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Үй құстары". Мақсаты. Өленді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. Үй құстары мен дала құстарын ажырату. Құстарды күте білуге үйрету. Құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Құстардың қыстағы қоректену ерекшеліктері" Мақсаты: Балалардың қоныс аударатын және қыстайтын құстарды тану дағдыларын қалыптастыру; оларды қыста қорғау және тамақтандырудың амалдарымен таныстыру; құстар үшін қауырсындар	Сурет салу Тақырыбы: "Үкі". Мақсаты: балаларды үкінің денесін салу техникасымен таныстыру; бояуға малынып қойған қылқаламды белгілі бағытта жақпалап отырып, үкінің қауырсындарын көрсетуге үйрету; қоңыр, сары, ақ бояуларды палитрада арыластырып, қажетті реңктерді алып бояу дағдысын қалыптастыру,	

	керектігін түсіндіру.		қандай рөл атқаратыны туралы түсінік беру; танымдықзерттеу қызметінде салыстыру, талдау, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау; балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру; құстарға деген құстарға қамқорлық жасауға, сүйіспеншілікті тәрбиелеу.	бояуды қағаз бетіне салу алдында, оның консистенциясы сезіну қабілетін, зейінін дамыту; құстарға деген қамқорлыққа; тиянақтылыққа тәрбиелеу	
		Орыс тілі Тақырыбы: "Снегирь. Зимующие птицы". Мақсаты: Познакомить с зимующей птицей снегирем, особенностями строен ия его тела, издаваемых звуков;		Мүсіндеу Тақырыбы: "Суықторғайды мүсіндейміз". Мақсаты: балаларды қыстап қалатын құс: суықторғайды домалақтау, жалпайту, созу, қырнауышпен	

		познакомить со стихотворением А. Барто "Снегирь"; закреплять представления об однокоренных словах слова "зима" - "зимовать" - "зимующие"; формировать понятие о правилах хорошего поведения. Учить детей слушать стихотворную речь на русском языке в большом объеме ("Снегирь". А. Барто); развивать артикуляционный аппарат при проговаривании слов-звукоподражаний и слов, отражающих действие; воспитывать бережное отношение к зимующим птицам, терпение.		тырнау әдістерін пайдалана отырып ермексаздан мүсіндеуг үйрету; қыстап қалатын құстарды естеріне түсіріп, суықторғай жайлы білімдерін кеңейту;балалардың ермексазды үзіп алу, басқа да мүсіндеу әдістерін пайдалану арқылы қол саусақ моторикаларын дамыту; жұмыс соңында жұмыс орнын тазалап, қолдарын сүлгімен сүрту іскерліктеріне тәрбиелеу	
--	--	---	--	---	--

		Көркем әдебиет Тақырыбы: "Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсаты. Ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне айтқызу арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.		Жапсыру Тақырыбы: "Әтеш көгалда жүр". Мақсаты: балаларды әтеш трафаретінің үстіне тарыны жапсырып, түрлі-түсті гуашьпен суға езбей, қою түрінде бояуға үйрету; үй құсы: әтештің шақыруын есту арқылы, балалардың үй құсы: әтеш туралы білімдерін кеңейту; тарыларды жапсыру арқылы баланың саусақ моторикаларын дамыту; сөздік қорларын молайту	
--	--	---	--	---	--

«Келісемін»

МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасының
әдіскері-----Р.Қ.Кишкеева

«БЕКІТЕМІН»

МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасының
менгерушісі _____ К.Ж.Жуманазарова
« _____ » « _____ » 2021ж

Перспективалық жоспар

2021 жыл, Ақпан айы

«Ақжелкен» мектеп алды даярлық топ

Мақсаты: Балалардың қоршаған ортадағы объектілер, олардың қасиеті мен қажеті жайындағы білімдерін жетілдіру;
танымдылыққа, зияткерлікке баулу.

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез құлық неіз валеология-0,5	Қатынас-5 Сауат ашу-2 Сөйлеуді дамыту-1 Орыс тілі-1 Көркем әдебиет-1	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Музыка-2 Сурет-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1	Әлеумет-1,5 Қоршаған орта-0,5 Өзін-өзі тану-1
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы,	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кедергі заттар арасымен хоп-	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[и] дыбысы және Ии әрпі, әріп таңбасын жазу".	Математика негіздері Тақырыбы: "Аквариум	Музыка Тақырыбы: "Ақ лақ". Мақсаты: балаларды ақ лақ	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Жол ережелері".

мақсаты. I апта Мен және қоршаған орта	фитболмен жүгіру". Мақсаты: балаларды кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіруге үйрету; 3 м қашықтықтан допты екі қолымен басынан асыра себетке лақтыруға дағдыландыру; төзімділік пен ерік сапаларына тәрбиелеу.	Мақсаты: Балаларды И дыбысымен таныстыру, дыбыстық талдау жасауға үйрету. И әріп таңбасын жазуға, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Сөзден сөйлем құрастыруға дағдыландыру	барлықтарының сандарын салыстыру". Мақсаты: балалардың он саны құрамындағы сандар туралы ұғымдарын дамыту; ">", "<" және "=" белгілері туралы ұғымдарды қалыптастыру; заттар топтамаларын өзара салыстыруда аталған белгілерді қолдануға үйрету, кеміту, қосу және тең етуге үйрету; қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту; пішіні шаршы қағазды тең екі бөлікке және тең төрт бөлікке бүктеп, болу тәсіліне үйрету, бүтін өзінің	туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.	Мақсаты: балалардың жолда жүру ережелерін ұстану және қоғамдық көлік тәртібін ұстану біліктерін жетілдіру; жол белгілерін ажыратуға үйрету; жолда жүру ережелері туралы білімдерін түрлі жағдаяттарда жалпылау; өз орнын қоғам ортасында білу, түсіну қабілеттерін қалыптастыру; зеректікке, зияткерлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу
---	--	--	--	--	--

			бөліктерінен үлкен екендігі туралы түсіндіруді жалғастыру; аквариум балықтарының тіршілігі туралы ұғымдарын пысықтау; шыдамдылыққа, зеректікке тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кедергілерден өту жаттығулары" Мақсаты: балаларды кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіруге жаттықтыру; 3 м қашықтықтан допты екі қолымен басынан асыра себетке лақтыра білу дағдысын қалыптастыру; төзімділік пен ерік	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[й] дыбысы және Йй әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: Йй дыбысы мен әрпін таныстыру. Йй дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Тіл ұстарту мақсатында й дыбысына сөз құрау, буын ішінде бекіту. Тіл ұстарту мақсатында й дыбысына сөз құрау,	Жаратылыстану Тақырыбы: "Бөлме өсімдіктері" Мақсаты: Балалардың өсімдіктердің жіктелуі туралы білімдерін бекіту; бөлме өсімдіктерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру; бөлме өсімдіктерінің адам және қоршаған орта үшін маңызы	Музыка Тақырыбы: "Менің қамқорлығым". Мақсаты: балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп, айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен	Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Қонақ келсе - қуаныш". Мақсаты. "Қонақжайлылық" ұғымы туралы түсінік беру. Қонақ, қонақжайлылық туралы түсінік беру. Жағымды қарым - қатынас дағдылары дамыту. Әдептілікке

	сапаларына тәрбиелеу.	буын ішінде бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу	туралы түсініктерді кеңейту; зейінін, ақыл-ойын, практикалық дағдыларын дамыту; бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбекқорлыққа баулу, гүлдердің сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу.	музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін дамыту.	тәрбиелеу.
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кедергілерді асу эстафеталары". Мақсаты: балалардың эстафеталарда түрлі қабілеттерін шыңдау: кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіру, 3 м қашықтықтан допты екі қолымен	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой "Екі жолдос". Мақсаты. Әңгімені оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін		Сурет салу Тақырыбы: "Теңіз асты тұрғындары". Мақсаты: балаларды топтастар ұжымымен бірігіп, теңіз асты әлемі сюжеті салуға үйрету; алақан, қылқалам, сорғыш, мақта таяқшасы сурет салу құралдарын орнымен пайдалану іскерлігін	

	басынан асыра себетке лақтыру; зеректікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	түсіндіру. Дыбыс артикуляциясын қайталатып, сөзге дыбыстық талдау жасату. Сөйлемдерді бастап айтып, аяқтауға мүмкіндік беру арқылы балаларды ойлауға, қиялдауға жетелеу, сөздік қорларын дамыту. Адалдыққа, достыққа тәрбиелеу. "		жетілдіру; теңіз асты жануарлары мен балықтар тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; өзге балалармен сурет жоспарын келісімділікте жасап, ортақ сурет алаңында өз орнын ала білу қабілетін дамыту; дүниетанымын дамыту; зияткерлікке, достыққа тәрбиелеу.	
		Орыс тілі Тақырыбы: "Заучивание отрывка из стихотворения С.Я. Маршака "Багаж". Мебель в комнатах." Мақсаты: познакомить детей с содержанием стихотворения С.Я. Маршака "Багаж"; расширять представления о		Мүсіндеу Тақырыбы: "Жол реттеушіге көрсетейік". Мақсаты: балаларды тұтас ермексازдан көліктің шанағын жасауға, мүсіндеудің домалақтау, жалпайту, жаю, басу әдістерін қолдана отырып жеңіл автокөлікті	

		поездках людей и процессами, связанными в пути с багажом; закреплять знания детей о предметах мебели и признаках их классификации; учить детей внимательно вслушиваться в специфично звучащие заимствованные слова русской речи ("багаж", "саквояж", "чемодан", "перрон"), четко произносить их в упражнениях; развивать коммуникативные навыки во время ролевой игры, включаться в диалоги; воспитывать уважение у труда, дружелюбие, организованность и внимательность.		мүсіндеуге үйрету; балаларды "жолды реттеуш" мамандығымен таныстырып, жолда жүру ережелерінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; мүсіндеу барысында балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту.	
		Көркем әдебиет		Жапсыру	

		Тақырыбы: "Қантар мен Ақпан ертегісі". Мақсаты. Ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне айтқызу арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.		Тақырыбы: "Ақылды қоян". Мақсаты: балаларды жазық қағаз бетіне қоян қима үлгісін жапсыруға, ақ түсті қағазды жырту әдісі бойынша, қағазды ұсақтап жыртып, қоян қима үлгісінің үстіне жапсыруға үйрету; қоян және оның қыстағы тіршілігі туралы білімдерін толықтыру; қол саусақ моторикаларын дамыту; қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.	
Алуан-алуан кәсіп бар, тандай біл де, талап қыл! Мақсаты: Балалардың мамандықтар жайындағы білімдерін кеңейту, бір жұмыс орны немесе салада көптеген мамандықтар иелерінің ерекшеліктерін тануға талтындыру; мамандықтар иелерін ойындарда сомдап, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға баулу.					
Оқу қызметінің түрі,	Дене шынықтыру Тақырыбы:	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[Ғ]	Математика негіздері	Музыка Тақырыбы: "Комбайыншы	Өзін-өзі тану Тақырыбы:

тақырыбы, мақсаты. II-апта	"Кедергі заттар арасымен допты домалату". Мақсаты: балаларды кедергі заттар арасымен іші толтырылған допты домалатуға үйрету; бір орыннан (қашықтығы 60 см) ұзындыққа секіруге жаттықтыру, ептілік пен шыдамдылыққа тәрбиелеу	дыбысы және Ғғ әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: [Ғ] дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, [Ғ] дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Өткен дыбыстарды қайталау, зейінін бақылау. Балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Сауатты жазуға тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Заттардың салмақтарын салыстырайық". Мақсаты: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) және қолдарға салып заттың шамасын салыстыруға үйрету; қарама-қарсы салмақтағы заттар жұптарына қарап, ауыр және жеңіл екендігін табуда жаттықтыру; заттар жиынын бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті пысықтау, жиын санға сай заттар топтамаларын құруға машықтандыру;	боламын". Мақсаты: балаларды комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру	"Мен көмекшімін". Мақсаты. "Көмек, көмектесу" адамгершілік ұғымдарының мәнін ашу. Көмек, көмектесу ұғымдары туралы түсінік беру. Бір-біріне көмектесе білу дағдыларын қалыптастыру. Бір - біріне көмектесе білуге тәрбиелеу.
---	--	---	---	--	---

			түрлі мамандықтар туралы білімдер жиынтығын жетілдіру; есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кедергі заттар арасымен допты домалатуды пысықтау". Мақсаты: балалардың кедергі заттар арасымен допты домалата білу, бір орыннан (қашықтығы 60 см) ұзындыққа секіре білу қабілеттерін жетілдіру; ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[г] дыбысы және Гг әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: Г дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, Г дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Өткен дыбыстарды қайталау, зейінін бақылау. Балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Сауатты жазуға	Жаратылыстану Тақырыбы: "Мамандықтар" Мақсаты: Балаларды әртүрлі мамандықтар жөніндегі білімдерін кеңейту; топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, ғылыми терминдер мен сөздерді сөйлеуде қолдануды үйрету; жағдайға байланысты әрекет ету дағдыларын қалыптастырып, оларға шұғыл көмек	Музыка Тақырыбы: "Комбайыншы". Мақсаты: балалардың комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.	

		тәрбиелеу.;	көрсету телефон нөмірлерін жаттату; мамандық иелеріне құрметпен және мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу; топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: "Көшедегі жол қауіпсіздігі". Мақсаты: балаларға көшедегі жол қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; көшедегі жол жүру ережелерімен таныстырып, жол тәртібі туралы білімдерін кеңейту; адам өміріне қауіп	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Құмырсқа қанағаты ертегісі". Мақсаты: ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру, ертегі арқылы сұрақ жауаптар арқылы баланың тілін дамыту; балаларды достыққа, үнемшілдікке, қанағатшылдыққа тәрбиелеу	Құрастыру Тақырыбы: "Қысқы ағаш". Мақсаты: балаларды тіктөртбұрышты бұру арқылы цилиндр жасап, оны ағаштың діңі деп қабылдауға, тіктөртбұрыштан бірнеше жолақтар қиып, бір-біріне ұштарын жапсыру арқылы ағаштың ұшар басы деп қабылдай отырып, қағаздан ағашты	Сурет салу Тақырыбы: "Капитанның кемедегі саяхаты". Мақсаты: балаларды көп қабатты кемеңіз суретін салуға үйрету; кемеңіз пішінінде корпусы, палуба, каюталар қатары сияқты құрылым бөлшектерін үйлесімді орналастыру іскерлігін дамыту; кемеңіз теңіз толқындарымен жүруді, шағалалардың ұшқанын көрсетуге	

	төндіретін әрекеттердің алдын алып, болдырмауға үйрету.		құрастыруға үйрету; фломастермен ағаштың ұшар басына ұлпа қарларды салып, ағаштарды қар басты деп қабылдау; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейте отырып, өлі және тірі табиғат, тірі табиғат: ағаш жайлы білімдерін толықтыру; тіктөртбұрышты цилиндр тәріздес етіп айналдару арқылы балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту.	машықтау; кеме көлігі мен кеме капитаны мамандық туралы ұғымдарды тиянақтау; дүниетанымын, ой-қиялын дамыту; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	
		Орыс тілі Тақырыбы: "Выразительное чтение рассказа "Профессии - это		Мүсіндеу Тақырыбы: "Аспазшы боламын". Мақсаты: балаларды кейіпкерлерге тән	

	интересно". Профессии." Мақсаты: дополнить знания о таких профессиях, как пожарный, дорожный полицейский, продавец; расширять знания об особенностях действий в профессиях; развивать понятие о правилах вежливости в профессии, о значении мотивации в профессии; развивать умения включаться в диалоги в парах со сверстниками, отражая основные модели общения, обращения; упражнять в участии блиц-опросах по содержанию рассказа; развивать навыки говорения, следуя		бөліктерді (кұлақ, аяқ,) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту, есу, созу пайдаланып, бөліктерін құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып аспазшы маманың мүсіндеуге үйрету; мамандықтардың адам өмірінде негізі рөл атқаратыны туралы айтып, әр мамандық иелері жайлы білімдерін жаңғырту; маман иелерінің еңбектерін бағалап, өздерін жақсы маман иесі болуға ынталандырып тәрбиелеу.	
--	---	--	---	--

		ритмам в строках песенок о профессиях; упражнять общения в диалогах в парах; воспитывать уважительное отношение к представителям разных профессий.			
		Көркем әдебиет Тақырыбы: ""Бала - біздің болашақ" Қ. Аманжолов". Мақсаты. Өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату. Балалар мерекесі туралы айтып жеткізуге; мерекелік көңіл күйін ояту. Балаларды достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.		Жапсыру Тақырыбы: "Цирк қызметкерлері". Мақсаты: балаларды тіктөртбұрышты бірнеше қайтара бүктеп сайқымазақ денесін жасауға, сайқымазақ алақаны мен бәтеңкесін, үшбұрыштарды тең ортасынан бүктеп сайқымазақтың жасанды шашын жасап жапсыруға үйрету; түрлі-түсті фломастермен сайқымазақтың әлпет	

				белгілерін салу іскерліктерін жетілдіру; цирк қызметкерлері туралы және түстер жайлы білімдерін толықтыру; барлық мамандық иелеріне деген құрмет білдіруге тәрбиелеу.	
«Техника және біз» Мақсаты. Техника әлемімен, оның ерекшеліктерімен және түрлерімен таныстыру; механизмдердің құрылысы, олардың әрекет ету принциптері туралы түсінік беру, заманауи техника адамға қоршаған ортаны өзгертуге, түрлендіруге септігін тигізеді, адамның күрделі ойлануын талап ететін жұмысын жеңілдетуге көмектеседі, құрастыруға және нақты техникалық мамандықтарға қызығушылық тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. III-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Түрлі биіктіктегі заттардан қос аяқтап секіру". Мақсаты: балаларды түрлі биіктік деңгейдегі заттар арқылы қос аяқтап секіруге үйрету; биіктігі 25 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өтуге жаттықтыру; ептілік пен	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ң] дыбысы және ң әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: Ңң әрпімен таныстыру, Ңң әрпінің таңбасын жазуға үйрету, дыбыстық талдау жасауға үйрету, буынға бөліп сөз оқуға дағдыландыру. Балаларға Ң дыбысын артикуляциясына сай	Математика негіздері Тақырыбы: "Үй шаруасына қалай көмектесуге болады?" Мақсаты: балалардың он саны туралы ұғымдарын дамыту, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; он жиын санын құрайтын элемент түрлері жайлы түсініктерін	Музыка Тақырыбы: "Бағдаршам". Мақсаты: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айтуға	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Тұрмыстық техника". Мақсаты: балалардың тұрмыстық техниканың адам тіршілігіндегі алатын орны жайындағы білімдерін жалпылау және

	жылдамдыққа тәрбиелеу.	дұрыс дыбыстауға үйрету. Дәптермен жұмыс жасауын жетілдіру. Әдемі, таза жазуға тәрбиелеу	жетілдіру; айналасына қарап геометриялық пішіндер мен денелерді табу, оларға талдау жасай білуді меңгерту; қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту; жиһаз, киім және тұрмыстық техника жөнінде ұғымдарын бекіту; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; ұқыптылыққа, еңбекті бағалауға тәрбиелеу.	дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.	тиянақтау; тұрмыстық техника түрлерін қолдану ережелерін пысықтау; жұпта, топта және жеке жұмыс жасау біліктерін жетілдіру; зияткерлік, ойлау қабілеттерін дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кірпіштерден жерге қос аяқтап секіру жаттығулары". Мақсаты: балаларды түрлі биіктік деңгейдегі заттар арқылы қос аяқтап	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ң] дыбысы және ң әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: [ң] дыбысы мен әрпімен таныстыру және сөз ішіндегі [ң] дыбысының	Жаратылыстану Тақырыбы: "Тұрмыстық техника" Мақсаты: Балалардың күнделікті өмірде адам қолданатын электр құрылғыларының	Музыка Тақырыбы: "До-Ре-Ми". Мақсаты: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу, ән айту кезінде әуеннің мағынасын эмоционалды	Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Мен шыншыл баламын". Мақсаты: "Шыншылдық" ұғымының құндылық ретіндегі мәнін

	секіруге, биіктігі 25 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өтуге дағдыландыру; епті, шымыр болуға ынталандыру.	ерекшелігін меңгерту, сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы [ң] дыбысының дауыссыз екенін байқату. [ң] дыбысы бар сөздерге мысалдар келтіру арқылы сөздік қорларын дамыту, балалардың сөйлеу мәнері мен байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыра отырып, ұйымшылдыққа, әдемілікке, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	түрлері мен мақсаты, олардың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін жалпылау; қазіргі заманғы тұрмыстық құрылғылармен салыстырғанда ескі үй ыдыстарын тағайындау туралы түсінігін қалыптастыру; тұрмыстық электр құралдарымен қауіпсіздік ережелерін үйрету; қауіпті, қауіпсіз электр қуаты туралы білімдер тәжірибе жасау арқылы толықтыру; эмоционалды жауапкершілікті, мейірімділікті дамыту.	қабылдай білу, топпен ілесе білу қабілетін жетілдіру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.	ашу. Адалдық, шыншылдық қасиеттері туралы түсінік бері. Балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Заттар	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:		Сурет салу Тақырыбы: "Шай	

	үстіне және олардан жерге секіру эстафеталары". Мақсаты: балалардың түрлі эстафеталарда қос аяқтап секіре білу, еңбектеп өте білу қабілеттерін шыңдау; жаттықтыру; шымырлыққа, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	"Компьютер пайдалы ма, әлде зиян ба?" Мақсаты: балаларға техника туралы мәліметті беруді кеңейтіп, оның ішінде компьютерге толықтай тоқталып өту; балаларға компьютерді дұрыс пайдалану туралы айтып, зияны мен пайдасын сұрақ жауап арқылы дамыту; балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу		сервизіндегі ғажайып оюлар". Мақсаты: балаларды түрлі ыдыстың бір пішінінің ортасына гүлдер мен шөп элементтерін салуға үйрету; фарфор материалы туралы мағлұмат беру; орыс халқының гжель оюларымен таныстыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ой-қиялын, эстетикалық талғамды дамыту; әдептілікке тәрбиелеу	
		Орыс тілі Тақырыбы: "Чтение стихотворения "Как бытовая техника искала короля". Бытовая техника и человек." Мақсаты. Расширять представления о бытовой технике,		Мүсіндеу Тақырыбы: "Байланыс құралы". Мақсаты: балаларды мүсіндеудің: домалақтау, басу, жалпайту, бүгу, тегістеу секілді әдістерін пайдалана отырып техника:	

		добавляя уют, телевизор; дать понятие о назначении бытовой техники и роли в жизни людей; расширять знания об особенностях действий, благодаря которым производится "помощь" человеку; формировать понятие об удобстве и уюте в доме; развивать понятие о правилах ухода за техникой. Учить детей слушать загадки, стихотворение на русском языке о видах бытовой техники, размышлять о пользе техники, проговаривая строчки из стихотворения; составлять объяснительные предложения из более		телефонды мүсіндеуге үйрету; техника және тұрмыстық техника, қазіргі замандағы техниканың түрлерімен таныстырып, олардың пайдасы мен зиянын түсіндіру; балалардың мүсіндеу барысында қол саусақ моторикаларын дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру	
--	--	---	--	---	--

		пяти слов по образцу педагога; развивать умение запоминать часто повторяющиеся фразы по теме. Воспитывать аккуратность, уважение к труду.			
		Көркем әдебиет Тақырыбы: "Қол не үшін керек?" Мақсаты. Әңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек затты ұстау үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатыны ұғындыру. Сұрақ-жауап арқылы балалардың өз ойларын толық айта білуіне баса назар аудару. Балаларды еңбекке етуге,		Жапсыру Тақырыбы: "Тазалықты сақта". Мақсаты: балаларды тіктөртбұрыштан сопақша, шаршыдан шеңбер кесіп алып қағаз бетіне орналастырып, тіктөртбұрыштан шаңсорғыштың құбырішегін кесіп алып қылшақ қимаүлгісін жапсыруға үйрету; қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін дамыту; тұрмыстық техника, шаңсорғыш жайлы білімдерін	

		үлкендердің еңбегін бағалап құрметпен қарауға өз қолдарымен еңбек ете білуге, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.		толықтыру, қайшымен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	
Дені саудың – жаны сау Мақсаты. Балалардың салауатты өмір салты жайындағы ұғымдарын тереңдету; денсаулықты сақтау және нығайту қарапайым амалдарын меңгерту; адамның күн тәртібіндегі, қызметіндегі кез-келген оқиғаларда дұрыс не бұрыс жағдайларды тануға тәрбиелеу; өздігінен денсаулықты сақтау жаттығуларын жасауға ынталандыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. IV-апта	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Гимнастикалық сатыда түрліше тәсілмен өрмелеу". Мақсаты: балаларды гимнастикалық сатыда түрліше тәсілмен өрмелеуге үйрету; 7 м қашықтыққа дейін алға жылжи отырып, аяқтан аяққа секіруге жаттықтыру; ерік сапалары мен жылдамдыққа	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ө] дыбысы және Өө әрпі, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: [ө] дыбыстарымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [ө] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтату. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Дыбыстық талдау, буынға бөліп, сөзден	Математика негіздері Тақырыбы: "Футболшылар қатарының ретті саны". Мақсаты: балалардың "нөл" санымен таныстыру, санның ең кіші сан және барлық сандардан кем саны туралы түсіндіру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру; нөл және оданда артқы сандардың бірі	Музыка Тақырыбы: "Біз шадыман баламыз". Мақсаты: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен	Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Мен елімнің кішкентай азаматымын!" Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Отан, тұған ел туралы түсініктерін кеңейту. Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Отанын

	тәрбиелеу.	сөйлем құрауға дағдыландыру. Түрлі тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Өтілген әріптерді қосып оқуға үйрету, ой-өрістерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Байқағаштыққа, адамгершілікке тәрбиелеу тәрбиелеу	арасында, салыстырып, қажетті белгіні ("артық", "кем", "тең") қоюға машықтандыру; "бірінші ондықты бүтін ретінде қабылдауға үйрету, он саны құрамында бірліктердің (футболшылардың) ретті санын ауыстырса да, он жиын саны өзгермейтіні туралы түсіндіру; "нөл" санын салуда жаттықтыру, цифрының суретін безендіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа, спорт мен дене шынықтыруға деген қызығушылықтарды арттыру.	дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру	сүйеге тәрбиелеу.
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қалай	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[ө]	Құрастыру Тақырыбы: "Біз	Музыка Тақырыбы: "Үлкен	

	өрмелей аласыңдар?" Мақсаты: балаларды гимнастикалық сатыда түрліше тәсілмен өрмелей білу қабілеттерін жетілдіру; 7 м қашықтыққа дейін алға жылжи отырып, аяқтан аяққа секіруге дағдыландыру; шымыр, жылдам болуға ынталандыру.	дыбысы және Өө әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу". Мақсаты: [ө] дыбысы мен әрпін таныстыру. Оның айтылу ерекшеліктерін атап өту және жазылу жолын үйрету. Оқушыларға сөз және сөйлем құрауды меңгерту. [ө] дыбысына қатысты жаңа сөздерді оқыту арқылы ауызша және жазбаша қабілеттерін арттыру, тілін дамыту; сөздік қорын молайту. Алғырлыққа, шыдамдылыққа, тазалыққа тәрбиелеу және сауатты жазуға үйрету.	көмекшіміз". Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары: цилиндр, тақтайша, текше, кірпіш, призманы пайдалана отырып жүк көлігін құрастыруды үйрету; құрастыру барысында балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; көлік түрлері, соның ішінде жүк көлігінің құрылымын атай білу іскерліктерін дамыту; көліктің түрлерін ажырату арқылы танымдық қабілеттерін дамыту; сөздік қорларын молайту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.	қоңырауды көтерейік". Мақсаты: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айжыратып, топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу, би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білу, музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін шыңдау; музыканы есту қабілетін жетілдіру.	
--	---	---	---	---	--

	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: "Жол жүру ережесі" Мақсаты: балаларға көшедегі жол қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; көшедегі жол жүру ережелерімен таныстырып, жол тәртібі туралы білімдерін кеңейту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Дәрумендердің керемет күші". Мақсаты. Балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, дене дамуына қосатын үлестері, адамға күш-қуат беретіндігін айту; дәрумендер туралы видеороликті көрсетіп, баланың түсініп көру зейінін дамыту; ұқыптылыққа, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: "Салауатты өмір салты қағидалары" Мақсаты: Балалардың адам өміріндегі ең бастысы-денсаулық туралы білімдерін бекіту; балалардың өмірлік маңызды органдарына дұрыс қарау қабілетін дамыту; саусақ ойындары, массаж және дене шынықтыру минуттары арқылы салауатты өмір салты қалыптастыру; денсаулықты сақтау тәсілі ретінде дұрыс тамақтанумен дене жаттығуларының маңызы туралы түсінік қалыптастыру;	Сурет салу Тақырыбы: "Түңгі қала . Мақсаты: балалардың түңгі қала сюжетін салуға үйрету; тіке және көлденең жуан жолақтарды сызып, көлемі түрлі тіктөртбұрышты үйлердің пішінін бояу техникасына үйрету; бояуды щеткадан бояуды бүркі техникасымен таныстыру; ұйқының пайдасы туралы мағлұмат беру; салауатты өмір салтын насихаттау; жағымды эмоцияларды дамыту; достық қарымқатынастарға тәрбиелеу.	
--	--	---	---	---	--

			дәрумендердің пайдасы және олардың адам денсаулығы үшін маңызы туралы білімді бекіту; танымдық қызығушылықты, шығармашылық белсенділікті дамыту.		
		Орыс тілі Тақырыбы: "Будем, будем умываться. Правила гигиены." Мақсаты: Развивать у детей понятие "здоровый образ жизни", познакомить с произведением К.И. Чуковского "Мойдодыр"; продолжать формировать знания о правилах гигиены; закреплять представления о частях тела человека,		Мүсіндеу Тақырыбы: "Дәрумендер – денсулықтың қамқоршысы". Мақсаты: балаларды түрлі-түсті ермексаздардан көкөністерді мүсіндеуде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту: басу, жалпайту, есу, домалақтау, қырнауышпен тырнау; көкөністерді мүсіндеу алдында	

		расширять представления о физических упражнениях, возможностях тела человека. Учить детей слушать произведение, примеры неправильного и правильного поведения; учить проговаривать стихотворные строки со словами с шипящими согласными, правильно передавая артикуляцию; упражнять в умении описывать картинку с движением с помощью фраз; воспитывать стремление к чистоте и порядку, любовь к здоровому образу жизни.		заттарды зерделеу тәсілдерін, заттардың пішінін, көлемін түсін анықтауды қалыптастыру; мүсіндеуге эмоционалды әсер және қызығушылық шақыру; дәрумендердің пайдасы жайлы білімдерін толықтырып, денсаулықты сақтауға тәрбиелеу.	
--	--	---	--	---	--

		Көркем әдебиет Тақырыбы: "Алдар Көсе Ханды қалай емдейді?" Мақсаты. Ертегіні мұқият тыңдауды, мазмұның ашу. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне айтқызу арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Денсаулықты сақтауға үйрету. Адамгершілікке тәрбиелеу.		Жапсыру Тақырыбы: "Баскетболшы". Мақсаты: балаларды дәстүрлі емес әдісті пайдалана отырып, тоқыма жіптерді ұсақтап кесіп, баскетболшы бейнеленген қағаз бетіне жапсыруға үйрету; "денсаулық", "спорт", спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру; спортқа деген қызығушылықтарын арттыру, ұсақталып кесілген тоқыма жіптерін жапсыруда балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту, сол арқылы сөздік қорларын молайту;	
--	--	---	--	--	--

				дидактикалық ойынға байланысты реттік сан бойынша спорт түрлерін құрастыру іскерліктерін жетілдіру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	
--	--	--	--	--	--

«Келісемін»

МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасының
әдіскері-----Р.Қ.Кишкеева

«БЕКІТЕМІН»

МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасының
менгерушісі _____ К.Ж.Жуманазарова
« ____ » « ____ » 2021ж

Перспективалық жоспар

2021 жыл, Наурыз айы

«Ақжелкен» мектеп алды даярлық топ

Мақсаты: Көктем мезгіліне тән құбылыстарды бақылап, себебін түсіндіруге баулу; аналар мерекесіне өздігінен сыйлықтарды жасауға, құттықтауды құрастырып айтуға, аналарға өзінің жылы лебізін білдіруге ынталандыру; анаға, әйелге деген құрмет сезіміне тәрбиелеу.

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез құлық неіз валеология-0,5	Қатынас-5 Сауат ашу-2 Сөйлеуді дамыту-1 Орыс тілі-1 Көркем әдебиет-1	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Музыка-2 Сурет-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1	Әлеумет-1,5 Қоршаған орта-0,5 Өзін-өзі тану-1
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы,	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кедергілердің арасынан фитболды	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "[з] дыбысы және Зз әрпі, әріп таңбасын жазу".	Математика негіздері Тақырыбы: "Құстар мен гүлдер	Музыка Тақырыбы: "Көктем әндері". Мақсаты: балаларды көктем	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Көктем мерекесі"

мақсаты. I апта Мен және қоршаған орта	домалату" Мақсаты: балаларды кедергі заттар арасымен фитбол домалатуға үйрету.	Мақсаты.Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Жаңа [з] дыбыстарымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру. Артикуляция бойынша дұрыс айтуға үйрету. Дыбыстық талдау, буынға бөліп сөзден сөйлем құрауға үйрету. Ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып, баспа әріп жазу жолдарын үйрете отырып, таза, сауатты жазуға тәрбиелеу	патшалағындағы "қосу" және "алу" белгілері" Мақсаты: балаларды "қосу" ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерімен таныстыру, қарапайым есептерді құрастыруда қолдануға үйрету; геометриялық пішіндерді құстардың сыртқы бейнесіне сәйкестендіріп, байқауға жаттықтыру; сандар құрамын түрлі жағдайларда табуға дағдыландыру; "он" саны көлеміндегі сандар қатарын, құрамын пысықтау; жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды	туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасау дағдысын жетілдіру; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру.	Мақсаты: балалардың "Халықаралық әйелдер күні" туралы ұғымдарын толықтыру; мерекемен құттықтау түрлерімен таныстырып, құттықтауды өздігінен немесе балалармен бірлесіп құрастыру амалдарын игерту; өз ойын толық жеткізе білуге үйрету; көктем мезгілі және оған тән құбылыстар жөнінде білімдерін жалпылау; зейінді, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту; жақынға деген сүйіспеншілікке, үлкенді
---	---	---	---	---	---

			орната білуді дамыту; аналар күні және көктемнің алғашқы құбылыстары жөнінде түсінкітерін бекіту; байқағыштыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.		кұрметтеуге тәрбиелеу.
